



Ахмет Байтұрсынұлы: Газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі

# QORJYNTÜBEK JARŞYSY

2022 жылдың 9 шілдеден  
бастап шығады

№ 17/95  
27 сәуір



Облыстық апталық ақпараттық-жарнамалық газет  
www.instagram.com/qorjyntubek\_jarsysy



E-mail: priogazeta@mail.ru

18+

## ПРЕЗИДЕНТ ҚАЛАЛЫҚ СЕНБІЛІККЕ ҚАТЫСТЫ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында ұйымдастырылған жалпықалалық сенбілікке қатысып, елордадағы «Ұлытау» аллеясында ағаш отырғызды.

Президентпен бірге сенбілікке волонтерлер, «Ассамблея жастары» ұйымының өкілдері, еліміздің ғылым, креативті индустрия, мәдениет, спорт салаларындағы белсенді жастар және алдағы V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына қатысушылар, Президенттік жастар кадр резервінің мүшелері атсалысып, жеке ағашының 430 түп көшетін екті.

Қасым-Жомарт Тоқаев жастармен әңгімелесу барысында қоғамда экология мәдениетін қалыптастыру, табиғатты аялау маңызды екенін атап өтті.

– Шын мәнінде, елімізді көгалдандыру, абаттандыру – үлкен мемлекеттік маңызы бар іс. Бұл бүгін шығып, ертең

ұмытып кететін бірреттік науқан емес. Аталған жұмыс тұрақты түрде жүргізіледі. Туған жерімізді таза ұстауымыз керек. Бұл – жалпыұлттық мәселе. Қазақстанымыз таза болуы қажет. Лас елге қонақ ретінде, инвестор ретінде ешкім келмейді. Бірақ, ең алдымен, Қазақстанның таза, көрікті болғаны біз үшін, яғни халық үшін керек. Бұл күнделікті өмір салтына айналуы қажет. Сондай-ақ бұл жұмыс елорда және ірі қалаларда ғана емес, шағын қалаларда, аудандар мен ауылдарда да ұдайы ұйымдастырылады. Бүкіл Қазақстанды таза ұстау өзімізге, жастарға байланысты. Мен жастарға сенемін. Сондықтан жастарға зор үмітпен қараймын, – деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар Президент заң мен тәртіп үстемдігі бәріне қатысты екенін айтып, вандализммен батыл түрде күресу қажет екеніне назар аударды. – Біз өз елімізді мақтан тұтуға

тиіспіз. Мейлі ол көше, аула немесе үйлердің кіреберісі болсын, бәріне ұқыпты қарауымыз қажет. Вандалдармен табанды түрде күресу керек. Сондай-ақ олардың заң жүзінде қатаң жазаланатынын айттым. Өр нәрсенің шегі бар. Әйтпесе, бәрін бүлдіріп алып, кейіннен кешірім сұрайды. Елімізде тәртіп болуы керек. Заңды сақтау қажет, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұдан кейін Мемлекет басшысы Ботаникалық бақты аралап, жалпықалалық сенбілікке қатысып жатқан тұрғындарға, елорданың коммуналдық шаруашылық мекемелерінің қызметкерлеріне ризашылығын білдірді.

Сенбілік барысында Президентке Астана қаласын абаттандыру және көгалдандыру жоспары таныстырылды.

Қала әкімі Жеңіс Қасымбектің айтуынша, биыл 1,1 миллион жасыл желек, соның ішінде қала аумағында 35 мың, елорданың жасыл белдеуі аймағында 200 мың

түп көшет отырғызу жоспарланған.

Сонымен қатар қаладағы 170 қоғамдық орынды, оның ішінде Есіл өзенінің бойын, Ақбұлақ жағалауын, сондай-ақ Триатлон паркі, Бейбітшілік және келісім сарайы, ЭКСПО маңын абаттандыру жұмыстары жалғасады.

Астана әкімі былтыр елорданы көгалдандыру жарғысы қабылданғанын атап өтіп, аталған құжатқа сәйкес егілген жасыл желекті 3 жылға дейін күтіп-баптау міндеті жүктелетінін және үлкен ағаштар мен көпжылдық өсімдіктер отырғызуға басымдық берілетінін жеткізді.

Бұдан бөлек, Президентке «Мыңжылдықтар аллеясын» дамыту жоспары және Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына дайындық барысы жөнінде баяндалды.

akorda.kz

## 1-МАМЫР – ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ БІРЛІГІ КҮНІ

Құрметті Приозерск қаласының тұрғындары!

Сіздерді Қазақстан халқының бірлігі мемлекеттік мерекесімен құттықтаймын!

Біз көпұлтты елде өмір сүріп жатырмыз және біздің барлық жетістіктеріміз достықпен, өзара сыйластықпен және ынтымақтастықпен байланысты!

Дінаралық және этносаралық келісімді сақтау-мемлекеттің ішкі саясатының негізгі басымдықтарының бірі.

Көп ұлтты мемлекетте тұру көкжиекті кеңейтуге, дүниетанымды дамытуға, әртүрлі ұлт өкілдерінің салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары арқылы мәдениетімізді байытуға мүмкіндік береді.

Біздің күшіміз - бірлікте! Барлық қала тұрғындарына денсаулық, амандық, көктемгі көңіл-күй және осы мерекеде жақсы демалыс тілеймін!

**Уважаемые жители города Приозерск!**

Поздравляю вас с государственным праздником единства народа Казахстана!

Мы живём в многонациональной стране и все наши достижения связаны с дружбой, взаимоуважением и сотрудничеством! Сохранение межрелигиозного и межэтнического согласия – одно из основных приоритетов внутренней политики государства.

Проживание в полиэтническом государстве позволяет расширять кругозор, развивать мировосприятие, обогащаться традициями и обычаями людей разных национальностей.

В единстве - наша сила! Всем горожанам желаю здоровья, благополучия, весеннего настроения и хорошего отдыха в этот праздничный день!

**Приозерск қаласының әкімі Ахметов М.Т.**

**Приозерск қалалық мәслихат төрағасы Исатаев А.Н.**





## БІРЛІК БАР ЖЕРДЕ – ТІРЛІК БАР!

Қазақстан ондаған жылдар бойы көптеген ұлттар мен ұлыстардың Отаны болып келеді. Бүгінде түрлі ұлт өкілдері Қазақстанды өз жерім деп біліп, қазақ халқын туғанындай көреді. Осыған орай, қазақстандықтардың басын біріктіретін бірден-бір мереке, 1 мамыр – Қазақстан халықтары бірлігі күні деп атап өтіледі. Бүгінгі материалда аталған мерекеге байланысты қызықты деректерді назарларыңызға ұсынбақпыз.

Қазақстандықтар жыл сайын 1-мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күнін атап өтеді. Бұл мереке 1995-жылдың 18-қазанында белгіленіп, мейрам 1996-жылдан бастап кеңінен тойланып келеді. «Мерекелер туралы» ҚР Заңында ол мемлекеттік мәртебеге ие, сол себепті бұл күн елде ресми түрде демалыс күні деп бекітілген. Биыл 1-мамыр жексенбімен тұспа-тұс келгендіктен, заңға сәйкес (5-бап) келесі дүйсенбі күні, яғни 2-мамыр қазақстандықтар үшін демалыс күні деп жарияланды.

Жалпы елімізде бұл мерекенің пайда болуына ел халқының ұлттық құрамының ерекшеліктері мен өзгерістері бірден-бір себеп болды. XX ғасырға дейін республика көлемінде титулды ұлт – қазақтар басым болса, соңғы он жылдықта ел аумағына түрлі себептермен өзге ұлт өкілдері келіп қоныстанып, тұрақтап қалды. Төменде басқа ұлттардың Қазақстанға көшуінің басты себептерін ұсынбақпыз: XX ғасырдың басында қазақтың бос жатқан жерлеріне Орталық Ресей губерниялары шаруаларының қоныс аударуы. КСРО-дағы ұжымдастыру саясаты және 1930- жылдардағы ашаршылық қазақ халықтың санын едәуір азайтты. Содан бастап жылдар бойы Қазақстан аумағына өзге мемлекеттерден миллиондаған азаматтар қоныс

аударды: поляктар, украиндықтар, литвалықтар, Поволжье немістері, Кавказ халықтары және т.б. ұлт өкілдері. 1950-жылдары бүкіл КСРО-дан қоныс аударушылардың тағы бір толқыны тың игеру үшін қазақ еліне табан тіреді. Нәтижесінде Қазақстандағы қазақтардың саны біршама азайды (кей жылдары олардың пайыздық үлесі тіпті 30%-дан аспады). Жағдай тек КСРО ыдырағаннан кейін ғана өзгерді. Одақтас республикалардың бөлінуі және өздерін егемен ел деп жариялауы нәтижесінде, елден көптеген еуропа ұлттары үдере көше бастады. Десе де жылдар өте келе елде бала туу көрсеткіші артып, жергілікті тұрғындар саны өсті. Бүгінгі таңда қазақ халқы ҚР-дағы негізгі этникалық топты құрап отыр.

КСРО ыдыраған жылдары, кейін де Қазақстаннан көшіп кеткен ұлт пен ұлыстар саны көп болса да, олардың кейбірі Қазақстанды өз Отаны деп қабылдап, күні бүгінге дейін елде тұрақтап қалды. Міне осы ұлт пен ұлыстардың бірлігі мен олардың мызғымас ынтымағын айғақтайтын бірден-бір мереке – Қазақстан халықтарының бірлігі күні болып отыр. Елімізде бұл мереке – патриотизм мен адалдық мейрамы ретінде қабылданады. Елімізде тұратын басқа этностардың барлық топтары өздерінің ұлттық дәстүрлерін, мәдениетін, өзіндік ерекшелігін сақтауға мүмкіндік алды, бұл әрбір халықтың дамуы үшін негіз қалаушы болды. Қоныс аударушылардың өздері үшін үйге айналған Қазақстанға деген алғысы жаңа Отанға деген адалдық пен махаббатқа әкелді. Қазақстан халқының бірлігі күні бұл қарым-қатынасты білдіреді, барлық этностардың одан әрі бірігуіне, достық пен келісімде бірге өмір сүруіне қызмет етеді. Ұлттық мәселені дұрыс шешу ауыр

ұлтаралық қақтығыстарды болдырмауға көмектесті, елімізде сындарлы этносаралық қатынастар қалыптасты. Республика аумағында тұратын барлық өзге ұлттар өз салт-дәстүрлері мен мәдениетін, тұрмыс-салтын сақтап қалуға мүмкіндік алды. Сол себепті еліміздегі көптеген басқа ұлттар мен ұлыстар қазақ халқына тек алғысын айтады.

Қазақстан халқы бірлігі күні - еліміздегі барлық ұлттардың ынтымағы мен бірлігін нығайтатын, достастық қарым-қатынасты нығайтатын айтулы мереке болып қала бермек. Бұл ретте ұлтаралық татулықты сақтаудағы ел саясатының рөлі де басым болды. Оған дәлел, бүгінгі күнге дейін Қазақстанда ұлтаралық қақтығыстардың болмауы, керісінше олардың арасындағы конструктивті этникааралық қарым-қатынастың дамуы болып отыр. Мерекенің ерекшеліктері және оны атап өтуге қатысты салт-дәстүрлер Кеңес заманында 1-мамыр жұмысшылардың өз құқықтары үшін күресін дәріптеу мақсатында, жұмысшылардың халықаралық ынтымақтастық күні ретінде аталып өтті және бұл күні барлық жұмысшыларға құрмет көрсетілді. 1-мамыр неліктен Бірлік күні деп аталады? Тәуелсіз Қазақстанда еңбекшілердің ынтымақтастығы мерекесі жаңа сипатқа ие болды. Ол елдің тарихи ерекшелігін – оның көпұлтты құрамын көрсететін, бейбіт елде ұлттар мен ұлыстар татулық пен бірлікте өмір сүре әрі дами алатындығын насихаттайтын айтулы күнге айнала білді.

Қазақстанда және біздің Приозерск қаламызда 1-мамырды қалай атап өтеді? Мерекеге дайындық алдын-ала басталады – әр қала немесе ауыл тұрғындары тұрғылықты жерін ретке келтіріп, жолдар мен тротуарларды, саябақтар мен аулаларды қыстан кейін

тазалайды, ағаштар мен жол жиектерін ағартады, көшелерге мерекелік көрініс береді. Сондай-ақ мерекеге қатысты елде қалыптасқан ерекше дәстүрлер де бар: 1-мамыр күні ертемен ҚР Президенті аталған жалпыхалықтық мерекемен барлық ел тұрғындарын құттықтайды. Салтанатты шара еліміздің түкпір-түкпірінен келген талантты жұлдыздар мен шығармашылық ұжымдар қатысатын мерекелік концертпен жалғайды. Бұл күні елдің түкпір-түкпірінде түрлі мерекелік іс-шаралар, жәрмеңкелер өтеді, балаларға арналған ойын алаңдары жұмыс істеп, байқаулар мен шерулер ұйымдастырылады. Түрлі этностардың мәдени орталықтары көрмелер, байқаулар, фестивальдар өткізеді, өздерінің ұлттық шағын музейлерін ашады. Бұл қазақстандықтарға өзге ұлттардың мәдениеті, әдет-ғұрыптары және салт-дәстүрлерімен таныстыруға мүмкіндік береді. Мәселен біздің Приозерск қаламызда «Атамұра» қазақ халқының ұлттық дәстүрі мен мәдениетін өркендету орталығы және орыс ұлтының «Исток» этно-мәдени білестігі бірнеше жылдардан бері татулық пен ауызбірлікті сақтауда және ұлттық құндылықтарды дамытуда жемісті еңбек етіп келеді.

1-мамырда не істеуге болады? Еліміздің кез келген тұрғыны концерттер мен конкурстарға, спорттық жарыстарға, жеңіл атлетика марафондарына қатыса алады. Жастар үшін би кештері ұйымдастырылады. Жалпы ел тұрғындары үшін Халықтар бірлігі күнінің берері мол. Бұл күн тұтас қазақ елі мен ондағы этностардың бірлігін айғақтайтын күн. Ендеше айтулы мейрамды жақындарыңызбен бірге көңілді әрі мағыналы өткізеді деген сенімдеміз.

**Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ**

«Казэнергоцентр» ЖШС өз тұтынушыларын 2024 жылғы 1 мамырдан бастап тұтынушылар топтары бойынша электрмен жабдықтау бағасының өзгергені туралы хабарлар етеді:

Қызмет ететін аумақ	1 кВт * сағ электрмен жабдықтау бағасы, теңге							
	Электр энергиясын тұрмыстық қажеттіліктерге пайдаланатын тұтынушылар		Электр энергиясын тұрмыстық қажеттілікке емес пайдаланатын тұтынушылар		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын заңды тұлғалар		Заңды ұйымдастыру, Әлеуметтік маңызы бар тауарларын шығаратын заңды тұлғалар	
	ҚҚС-сыз	ҚҚС қосылған	ҚҚС-сыз	ҚҚС қосылған	ҚҚС-сыз	ҚҚС қосылған	ҚҚС-сыз	ҚҚС қосылған
Приозерск қаласы	15,13	16,95	22,13	24,79	28,87	32,33	21,15	23,69

Электр энергиясын жеке тұлғалардың тұтыну көлеміне қарай оның сараланған тарифтері:

1. Электр плиталарын пайдаланатын тұтынушылар үшін үш деңгейлі тарифтер

Қызмет ететін аумақ	1 кВт * сағ электрмен жабдықтау бағасы, теңге					
	Бірінші деңгейдегі тарифтер		Екінші деңгейдегі тарифтер		Үшінші деңгейдегі тарифтер	
	100 кВт*сағ дейін		101-ден 180 кВт*сағ дейін		180 кВт*сағ жоғары	
	ҚҚС-сыз	ҚҚС қосылған	ҚҚС-сыз	ҚҚС қосылған	ҚҚС-сыз	ҚҚС қосылған
Приозерск қаласы	13,51	15,13	18,16	20,34	22,70	25,42

2. Электр плиталарын пайдаланатын жасы бойынша жалғыз тұратын зейнеткерлер, мүгедектер, Ұлы Отан соғысына қатысушылар және оларға тенестірілген адамдар үшін үш деңгейлі тарифте

Қызмет ететін аумақ	1 кВт * сағ электрмен жабдықтау бағасы, теңге					
	Бірінші деңгейдегі тарифтер		Екінші деңгейдегі тарифтер		Үшінші деңгейдегі тарифтер	
	120 кВт*сағ дейін		121-ден 180 кВт*сағ дейін		180 кВт*сағ жоғары	
	ҚҚС-сыз	ҚҚС қосылған	ҚҚС-сыз	ҚҚС қосылған	ҚҚС-сыз	ҚҚС қосылған
Приозерск қаласы	13,51	15,13	18,16	20,34	22,70	25,42

## ҚАЛА БӘРІМІЗГЕ ОРТАҚ ЕМЕС ПЕ?



Президентіміздің тапсырмасымен басталған эко акция бүгін де қала аумағында «Жасыл Аймақ» немесе «Таза бейсенбілік» экологиялық акциясы аясында қалаға кіре берістен бастап орталық көшеде ағаш отырғызу жұмыстары жүргізілуде. Аталған маңызды шараға қала жастары, Экосарбаз, «Айбын» жас патриоттық клубының мүшелері, қала әкімдігіне қарасты барлық мемлекеттік мекемелердің ұжымдары қатысты.

Осынау акция туралы бұдан бұрын барша қала тұрғындарына хабарланып, ісшараға қатысуға шақырылған болатын. Біраз адамдар белсенділік танытып, қатысатындарын да айтып еді. Алайда бүгінгі акцияға тұрғындар тарапынан адам бармағаны өте өкінішті. Әншейінде чаттың бетінен түспейтін, болмашыны проблема қылып отыратын қалаға жанашырысымақ, жалған патриоттардың да төбесі көрінбеді.

Призерск – ұлтына, ұлысына, жынысына, жасына қарамай-ақ жалпы тұрғындарға ортақ, бәріміздің қаламыз емес пе? Неге осындай көпшілікке ортақ ішаралардан сыртта қаламыз?!

## НҮРФАЛИ ҚАРАБЕКТЕГІ

ТОО «Казэнергоцентр» уведомляет своих потребителей об изменении с 1 мая 2024 года цен на электроснабжение по группам потребителей:

Обслуживаемая территория	Цены на электроснабжение за 1 кВт*ч, тенге							
	Потребители использующие электрическую энергию для бытовых нужд		Потребители использующие электрическую энергию не для бытовых нужд		Юридические лица, финансируемые из государственного бюджета		Юридические организации, производящие социально-значимые продовольственные товары	
	без НДС	с НДС	без НДС	с НДС	без НДС	с НДС	без НДС	с НДС
г.Приозёрск	15,13	16,95	22,13	24,79	28,87	32,33	21,15	23,69

Дифференцированные тарифы на электрическую энергию в зависимости от объемов ее потребления физическими лицами:

## 1. Трехуровневые тарифы для потребителей, использующих электрические плиты

Обслуживаемая территория	Цены на электроснабжение за 1 кВт*ч, тенге					
	Тарифы первого уровня		Тарифы второго уровня		Тарифы третьего уровня	
	до 100 кВт*ч		от 101 до 180 кВт*ч		свыше 180 кВт*ч	
	без НДС	с НДС	без НДС	с НДС	без НДС	с НДС
г.Приозёрск	13,51	15,13	18,16	20,34	22,70	25,42

## 2. Трехуровневые тарифы для одиноко проживающих пенсионеров по возрасту, инвалидов, участников Великой Отечественной войны и приравненных к ним лицам, использующих электрические плиты

Обслуживаемая территория	Цены на электроснабжение за 1 кВт*ч, тенге					
	Тарифы первого уровня		Тарифы второго уровня		Тарифы третьего уровня	
	до 120 кВт*ч		от 121 до 180 кВт*ч		свыше 180 кВт*ч	
	без НДС	с НДС	без НДС	с НДС	без НДС	с НДС
г.Приозёрск	13,51	15,13	18,16	20,34	22,70	25,42

## 2024 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН «ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК АКТИВТЕР ЖӘНЕ САТЫП АЛУ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік мекеменің атауы	Азаматтарды қабылдайтын тұлғаның аты - жөні	Азаматтарды қабылдайтын тұлғаның лауазымы	Азаматтарды қабылдайтын уақыты мен күні	Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері	Байланыс телефондары
«Приозерск қаласының мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Жүсіпов Ахан Жармаханұлы	Бөлім басшысы	Күнделікті сағат 17.00 де	Приозерск қаласы, Балхаш көшесі, 5	8(71039) 5-28-59
«Приозерск қаласының мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Дюсенбаев Абиля Зейнелкапдулович	Бас маман	Күнделікті сағат 17.00 де	Приозерск қаласы, Балхаш көшесі, 5	8(71039) 5-29-03

### «ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ ІШКІ САЯСАТ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ 5-27-92

Бөлім басшысының азаматтарды жеке қабылдау уақыты. Сейсенбі сағат 17:00-ден 18:00-ге дейін.

**ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ ГОСУДАРСТВЕННОГО УЧРЕЖДЕНИЕ «ОТДЕЛ ВНУТРЕННЕЙ ПОЛИТИКИ ГОРОДА ПРИОЗЕРСК» 5-27-92**

График приема граждан по личным вопросам руководителя отдела. Вторник с 17:00 до 18:00 часов.

### «ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ ЖЕР ҚАТЫНАСТАРЫ, СӘУЛЕТ ЖӘНЕ ҚАЛА ҚҰРЫЛЫСЫ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ 5-32-48, 5-39-16

Бөлім басшысының азаматтарды қабылдау кестесі дүйсенбі - жұма сағат 16.00 ден 17.00 ге дейін қабылдайды.

**ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ ГУ «ОТДЕЛ ЗЕМЕЛЬНЫЙ ОТНОШЕНИЙ, АРХИТЕКТУРЫ И ГРАДОСТРОИТЕЛЬСТВА ГОРОДА ПРИОЗЕРСК» 5-32-48, 5-39-16**

График приема граждан руководителем отдела - понедельник - пятница с 16.00 по 17.00

### «ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫС БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ 5-20-17

Бөлім басшысының азаматтарды қабылдау кестесі дүйсенбі-жұма сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін қабылдайды.

**ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ ГОСУДАРСТВЕННОГО УЧРЕЖДЕНИЕ «ОТДЕЛ СТРОИТЕЛЬСТВА ГОРОДА ПРИОЗЕРСК» 5-20-17**

График приема граждан руководителем отдела - Понедельник-Пятница с 17.00 по 18.00 часов.

### «ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ, ТІЛДЕРДІ ДАМУ, ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ 5-33-16

«Приозерск қаласының мәдениет, тілдерді даму, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің азаматтарды қабылдау күні әр аптаның дүйсенбі күні сағат 16:00-17:00 аралығында.

Сенім телефондары: 8(71039)5-40-93, 8(71039)5-40-95

### «ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫ ӘКІМ АППАРАТЫ» ММ СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ: 5-30-06

Азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты: Қала әкімі – әр аптаның дүйсенбі күні сағат 17.00 ден бастап. Әкім орынбасары (коммуналдық сала) – әр аптаның сейсенбі күні сағат 17.00 ден бастап. Әкім орынбасары (әлеуметтік сала) – әр аптаның сәрсенбі күні сағат 17.00 ден бастап.

**ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ ГУ «АППАРАТ АКИМА ГОРОДА ПРИОЗЕРСК»: 5-30-06**

График приема граждан:

Акима города – еженедельно по понедельникам с 17.00 часов  
Заместитель акима (коммунальная сфера) – еженедельно по вторникам с 17.00 часов

Заместитель акима (социальная сфера) – еженедельно по средам с 17.00 часов



### КАДРЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР: ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫ ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Ағымдағы жылдың 22 сәуірінде Темірхан Айдарханұлы Айдарханов Приозерск қаласы әкімінің орынбасары лауазымына тағайындалды. Темірхан Айдарханұлы 1977 жылы Қарағанды облысы Шет ауданында дүниеге келген.

1999 жылы Алматы қаласында менеджмент және маркетинг институтын салалардағы экономика және менеджмент мамандығы бойынша бітірген. 2008 жылы Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетін мемлекеттік және жергілікті басқару мамандығы бойынша бітірген. Жалпы еңбек өтілі 30 жыл, оның 19 жылы мемлекеттік қызметте.

Еңбек жолын 1994 жылы Жезқазған облысы Ағадыр ауданы Ақбұлақ ауылдық әкімшілігінде бастаған.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары, құрылыс, сәулет, ауыл шаруашылығы, жер қатынастары салаларында тәжірибесі мол.

2023 жылдан осы уақытқа дейін Балқаш қаласы әкімінің орынбасары қызметін атқарған.

22 апреля текущего года на должность заместителя акима города Приозерск назначен Айдарханов Темірхан Айдарханович.

Темірхан Айдарханович родился в 1977 году в Шетском районе Карагандинской области.

В 1999 году окончил институт менеджмента и маркетинга г.Алматы по специальности экономика и менеджмент в отраслях.

В 2008 году окончил Карагандинский экономический университет Казпотребсоюза по специальности государственное и местное управление. Общий стаж работы 30 лет, из них на государственной службе 19 лет.

Трудовую деятельность начал в 1994 году в Ақбұлақской сельской администрации Ағадырского района Жезказганской области.

Имеет большой опыт работы в сферах жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта, автомобильных дорог, строительства, архитектуры, сельского хозяйства, земельных отношений.

С 2023 года по настоящее время работал заместителем акима города Балхаш.

Электрондық почта: priogazeta@mail.ru

Таралымы: 500 дана

Жарнама бөлімі: +7-707-345-79-35 QORJYNTUBEK JARŞYSY

Меншік иесі: «ИП Исатай М.А.»  
Бас редактор: Исатай М.А.  
Техникалық редактор: Исатай М.А.  
Редакция мекен-жайы: Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, 101100, Жеңіс Бульвары, 38а, 5.  
Газет Қарағанды қаласы, Сәтпаев көшесі 15, «Арқо» ЖШС-де басылды.  
Тапсырыс №17/95, Таралымы:500 дана, пішімі: А3

Анықтама телефондары: +7-707-345-79-35  
Жарнама бойынша: +7-707-345-79-35  
Электрондық почта: priogazeta@mail.ru  
Газеттің арнаулы тілшісі: Нұрғали Қарабектегі +7-778-582-29-41

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат коми тетінде тіркеуден өтіп, 2022 жылғы 27 маусымда №86VPY00051152 куәлігі берілді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Суреттер интернеттен және архивтардан алынды. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарылмайды. Газет әр аптаның сенбі күні шығады. Балаларға тыйым салынған.